

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1464 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 қаңтардағы N 30 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 2 шілдедегі N 713 қаулысымен бекітілген Микропроцессорлық карточкалар негізінде төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін дамыту бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен жалақы, стипендия, зейнетақы, жәрдемақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі N 1464 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 48, 447-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджет қаражаты есебінен жалақы, стипендия, зейнетақы, жәрдемақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындарға және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдарға жалақы және басқа да ақшалай төлемдерді төлеудің тәртібін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы";

кіріспедегі "Мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

1 - т а р м а қ т а :

"банктік операциялардың тиісті түрлеріне арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдар" деген сөздер "банктік операцияларды жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар ұйымдар (бұдан әрі - ұйымдар)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Астана мен Алматы және облыстық маңызы бар қалалардағы мемлекеттік мекемелер 2004 жылғы 1 мамырдан бастап қызметкерлерге жалақыны және басқа да ақшалай төлемдерді алушының таңдауы бойынша ұйымдарда ашылған карт-шоттарға аудару жолымен төлеуді жүзеге асырсын.

Кәсіпорындарды мемлекеттік басқару органдары мен акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар 2004 жылғы 1 мамырдан бастап Астана мен Алматы және облыстық маңызы бар қалалардағы мемлекеттік кәсіпорындардың және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың қызметкерлеріне жалақыны және басқа да ақшалай төлемдерді алушының таңдауы бойынша ұйымдарда ашылған

карт-шоттарға аудару жолымен төлеуге көшу жөнiнде жұмыс жүргiзсiн.";

2-тармақтағы "банктік операциялардың тиісті түрлеріне арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар" және "банктік операциялардың тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

5 - т а р м а қ т а :

"Республикалық және жергілікті бюджеттерден" деген сөздер "Бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шоттарына" деген сөзден кейін "немесе банктік шоттарына" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі